

Агенттер тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын бюджетке аудару қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 660 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 5 қазандағы № 1058 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.10.2013 № 1058 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Тақырып жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Агенттер тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын бюджетке аудару қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2005 жылғы 30 маусымдағы

N 660 қаулысымен

бекітілген

Агенттер тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын бюджетке аудару қағидалары

Ескерту. Қағиданың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Осы Агенттер тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын бюджетке аудару қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 1997 жылғы 20 маусымдағы Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабы 7-тармағына сәйкес әзірленді және агенттер 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке коды (бұдан әрі – ӘЖК) және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірі (бұдан әрі – СТН) және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы шартының болмауына байланысты тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын аудару тәртібін айқындайды.

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі агенттер (бұдан әрі – агенттер) 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ӘЖК және (немесе) СТН және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін зейнетақы шартының (бұдан әрі – шарт) болмауына байланысты тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналарын мен есептелген өсімпұл сомаларын қамтитын міндетті зейнетақы жарналарын бойынша берешекті айқындау мақсатында 2005 жылғы 1 қаңтардағы міндетті зейнетақы жарналарын төлеу жөніндегі есептерге түгендеу жүргізеді.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Жүргізілген түгендеу нәтижелері бойынша агенттер осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘЖК және (немесе) СТН және (немесе) шарты жоқ бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін (бұдан әрі – бұрынғы қызметкерлердің тізімі) жасайды.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Түгендеуді жүргізу мерзімі өткен күннен бастап бес жұмыс күні ішінде агенттер бұрынғы қызметкерлер тізімінің қағаз жеткізгіштегі бір данасын және электрондық жеткізгіштегі данасын бұрынғы қызметкердің СТН-нің болуын (

болмауын) тексеру үшін тұрған (тұрғылықты) жері бойынша салық органдарына жібереді. СТН-нің болуын (болмауын) тексеру жүзеге асырылғаннан кейін салық органдары бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін қағаз және электрондық жеткізгіште Салық комитетіне жібереді.

4. Салық комитеті СТН-нің болуын (болмауын) тексеруді жүзеге асырғаннан кейін бұрынғы қызметкерлердің жиынтық тізімін электрондық жеткізгіште СТН-нің және (немесе) шарттың болуын (болмауын) растау үшін Орталыққа жібереді.

5. Орталық Салық комитетінен бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін алған күннен бастап он күнтізбелік күннің ішінде:

1) СТН-нің және жинақтаушы зейнетақы қорларына соңғы күнге міндетті зейнетақы жарналары аударымдарының болуын (болмауын) тексеруді жүзеге асырады және бұрынғы қызметкерлер тізімінің тиісті бағандарында белгілер қояды;

2) шарттың болуын (болмауын) тексеруді жүзеге асыру үшін бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін электрондық жеткізгіште барлық жинақтаушы зейнетақы қорларына жібереді.

6. Жинақтаушы зейнетақы қорлары 10 күнтізбелік күн ішінде шарттың болуын (болмауын) тексеру тұрғысында жұмыс жүргізеді.

Жинақтаушы зейнетақы қорлары шарттың болуын (болмауын) тексеруді жүзеге асырғаннан кейін толтырылған бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін электрондық жеткізгіште Орталыққа жібереді.

7. Егер бұрынғы қызметкер шарт жасаспай жинақтаушы зейнетақы қорының салымшысы болып табылған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорлары міндетті зейнетақы жарналарының соңғы аударымдары туралы деректердің негізінде бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін алған күннен бастап бір ай мерзімде олармен шарт жасасу үшін осындай адамдарды анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

Осындай адамдармен шарт жасалған жағдайда, жинақтаушы зейнетақы қорлары үш жұмыс күні ішінде агентті және Салық комитетін тиісті деректемелерді көрсете отырып, Орталық арқылы шарт жасалғаны туралы хабардар етеді.

8. Орталық жинақтаушы зейнетақы қорларынан толтырылған бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін алғаннан кейін осы Ереженің 5, 6-тармақтарында белгіленген мерзім өткеннен кейін бес күнтізбелік күн ішінде толтырылған бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін қағаз және электрондық жеткізгіште Салық комитетіне жібереді.

9. Агенттер Салық комитетінен ӘЖК мен шарты бар бұрынғы қызметкерлердің тізімдерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде міндетті

зейнетақы жарналары мен есептелген өсімақының сомасын Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жинақтаушы зейнетақы қорларына аударады және осындай аударымдар бойынша өздері тұратын (тұрғылықты) жеріндегі салық органдарымен салыстырып тексеру жүргізеді.

10. Агенттер тұратын (тұрғылықты) жеріндегі салық органдарымен салыстырып тексеруді жүзеге асырғаннан кейін Салық комитеті міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі жинақтаушы зейнетақы қорларына аударылмаған бұрынғы қызметкерлердің жиынтық тізімін қалыптастырады және оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне жібереді.

Ескерту. 10-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N 736 қаулысымен.

11. Сонымен бір уақытта Салық комитеті электрондық жеткізгіште бұрынғы қызметкерлердің жиынтық тізімін адамдардың азаматтық хал актілерін, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарсыз кеткен деп танылуын, Қазақстан Республикасынан тыс жерге кетуін және осы мемлекеттік органдардың құзыреті шегіндегі басқа да деректерді тексеру тұрғысында Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне, Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаментіне (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты), Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне жібереді.

Ескерту. 11-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2010.09.30 № 1009 Қаулысымен.

12. Осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдар Бұрынғы қызметкерлердің жиынтық тізімін алған күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде тиісті бағандарды толтырады және оны электронды түрде Салық комитетіне қайтарады.

13. Осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік органдардың белгілері бар бұрынғы қызметкерлердің жиынтық тізімін алғаннан кейін агенттер тұратын (тұрғылықты) жеріндегі салық органдары соңғыларына бұрынғы қызметкерлер жөнінде Салық комитетінен алынған бар мәліметтерді тиістілігіне қарай жібереді.

14. Бұрынғы қызметкерлер (сенім білдірілген адамдар) өтінішпен келген кезде агенттер міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасын жинақтаушы зейнетақы қорларына аударуды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.

Зейнетақымен қамсыздандыру туралы заңнамаға сәйкес зейнеткерлік жасқа жеткен бұрынғы қызметкер өтініш жасаған жағдайда, міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы қызметкердің алдындағы еңбекақы төлеу

жөніндегі берешек болып табылады және ол бұрынғы қызметкердің жинақ шотына немесе карт-шотына ақшаны аудару жолымен төленуге тиіс.

15. Осы Ереженің 11-тармағында көрсетілген мемлекеттік органнан алынған деректер бойынша бұрынғы қызметкердің өлімі тіркелген, бұрынғы қызметкер қайтыс болды деп жарияланған жағдайда міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек сомасы Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мұрагерлікке ашық деп танылады.

16. 2005 жылғы 1 қарашаға дейін агенттер жүргізілген жұмыстың нәтижелері бойынша өздері тұратын (тұрғылықты) жеріндегі салық органдарымен салыстырып тексеру жүргізеді.

Салық комитеті салық органдары деректерінің негізінде жүргізілген салыстырып тексеру нәтижелерін Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне тапсырады.

17. Бұрынғы қызметкерлерге міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегі бар агент бұрынғы қызметкерлер бөлінісінде негізгі төлем және 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын, осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бұрынғы қызметкерлердің берешек жиынтық сомасын уақытында аудармағаны үшін өсімпұл бойынша берешекті көрсете отырып, бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналары және (немесе) өсімақы бойынша берешек сомалары жөнінде мәліметтер (бұдан әрі – бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтер) жасайды және агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органына 2014 жылғы 1 қаңтарға дейін ұсынады.

Ескерту. Қағида 17-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

18. Агенттің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органы агент бұрынғы қызметкерлердің тізімін берген күннен бастап үш жұмыс күні ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша агенттің жеке шотындағы негізгі қарыз бойынша берешек және агент бұрынғы қызметкерлердің тізімінде көрсеткен жиынтық сома мөлшерінде 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл сомасын жеке шотына «Азайтылды», «Өсімпұл азайтылды» деген жазбалар жазу арқылы азайтады (жояды) және 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдері» бюджеттік сыныптауыш коды (бұдан әрі – БСК) бойынша агенттің жаңадан ашылған жеке шотына: негізгі қарыз бойынша – «Есептелді» деген бағанға, өсімпұл бойынша – «Өсімпұл есептелді» деген бағанға берешек сомасын аударды.

Ескерту. Қағида 18-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі).

19. Агенттер бұрынғы қызметкерлердің тізімін тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органына берген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек және 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл сомасын аударды.

Ескерту. Қағида 19-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

20. 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек және өсімпұл сомаларын республикалық бюджетке аудару кезінде агенттер банктерге және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарға қағаз жеткізгіште төлем тапсырмасын үш данада және бұрынғы қызметкерлердің тізімін екі данада ұсынады. Төлем тапсырмасының бірінші данасы мен бұрынғы қызметкерлер тізімінің бірінші данасы банкте және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымда, төлем тапсырмаларының екінші және үшінші данасы және бұрынғы қызметкерлер тізімінің бір данасы қабылдағаны туралы банктің және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымның белгісімен агентке қайтарылады.

Ескерту. Қағида 20-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

21. Бұрынғы қызметкерлердің тізімі әрбір жеке тұлға бойынша: жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН), тегі, аты (болған кезде), әкесінің аты (болған кезде), туған күні, жарна сомасы мен міндетті зейнетақы жарналары және өсімпұл аударылатын кезеңді (айы, жылы) қамтуға тиіс.

Туған күні, ЖСН анықталмаған бұрынғы қызметкерлер бойынша тиісті ж о л д а :

Туған күні – «19000101»;
ЖСН – «000000000» қойылады.

Ескерту. Қағида 21-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

22. Бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналарының сомаларын аударған кезде төлем тапсырмасының «төлемнің тағайындалуы» деген бағанында «Тұратын жері анықталмаған бұрынғы қызметкерлер бойынша міндетті зейнетақы жарналары», «төлемді тағайындау коды» деген бағанда «089» көрсетіледі.

2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл төлеу кезінде төлем

тапсырмасының «төлемнің тағайындалуы» деген бағанында «Тұратын жері анықталмаған бұрынғы қызметкерлер бойынша 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген міндетті зейнетақы жарналарын уақытылы аудармағаны үшін өсімақы», «төлемді тағайындау коды» деген бағанда «098» көрсетіледі.

Ескерту. Қағида 22-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

23. Банктер және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар агенттер төлем тапсырмасын көрсеткен кезде бұрынғы қызметкерлердің тізімін қоса бере отырып, МТ-102 форматты электронды төлем тапсырмаларымен Орталықтың банк шотына бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұсталған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұлдың сомаларын аударуды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.

Ескерту. Қағида 23-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

24. Орталық агенттер бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімақы бойынша берешек сомаларды ағымдағы шотқа келіп түскен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде МТ-100 форматты электронды төлем тапсырмаларымен Орталық арқылы 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері» БСК-ға республикалық бюджетке аударады.

Ескерту. Қағида 24-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

25. Агент бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұсталған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімақы бойынша берешек сомаларын аударғаннан кейін бес жұмыс күні ішінде тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органдарына негізгі төлемдері бойынша аударылған берешекті және өсімақы туралы мәліметтерді осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысанда қағаз және электрондық жеткізгіштерде ұсынады, сондай-ақ салық органымен 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдері» БСК бойынша есептерді салыстырып тексеруді жүргізеді.

Ескерту. Қағида 25-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

26. Агент осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген мерзімде бұрынғы

қызметкерлердің кірістерінен ұсталған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімақы бойынша берешек сомаларын аудармаған жағдайда салық органы он жұмыс күні ішінде, ондай агенттің банк шоты болған кезде – агенттің банк шоты (корреспонденттіктерді қоспағанда) және агенттің кассасы бойынша шығыс операцияларын бір мезгілде тоқтата тұруды жүзеге асырады.

Агенттің банк шоты болмаған жағдайда тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органы агент кассасы бойынша шығыс операцияларын тоқтата т ұ р а д ы .

Ескерту. Қағида 26-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

27. Агенттердің бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұсталған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімпұл сомаларын аударуын бақылауды қамтамасыз ету үшін Орталық күн сайын өткен күн үшін Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігіне агенттердің тұратын жері (тұрғылықты жері) бойынша салық органдарында тіркелуін ескере отырып, облыстар, республикалық маңызы бар қала және астана, аудандар бойынша бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұсталған аударылған міндетті зейнетақы жарналарының және 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімақы тізілімін ұсынады.

Ескерту. Қағида 27-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

28. Бұрынғы қызметкерлердің осы Қағидалардың 19-тармағына сәйкес республикалық бюджетке аударылған, агенттер олардың кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімақы сомаларына құқықтары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес қалпына келтіруге жатады.

Ескерту. Қағида 28-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

29. Агенттер бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аудармаған міндетті зейнетақы жарналары мен 2005 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелген өсімақы сомаларын өтегеннен кейін 206108 «Республикалық бюджетке түсетін өзге де салық емес түсімдері» БСК бойынша жеке шоты толық к ө л е м д е ж а б ы л а д ы .

Ескерту. Қағида 29-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 №

551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Агенттер тұратын жері белгісіз
бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен
ұстап қалған және аудармаған міндетті
зейнетақы жарналарын аудару
қағидаларына 1-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2008.03.28 N 300 (қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз), 2010.09.30 № 1009, 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулыларымен.

Әлеуметтік жеке коды және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірі және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорларымен зейнетақымен қамсыздандыру туралы зейнетақы шарты жоқ бұрынғы қызметкерлердің тізімі

р/с N	Агент СТН	Агент- тің атауы	Бұрынғы мәліметтер		қызметкерлер			жөніндегі
			Тегі	Аты	Әке- сінің аты	Туған жылы	Туған жері	Жеке басын куә- лан- дыра- тын құжат- тың нөмірі, оны берген орган туралы мәлі- мет, беріл- ген күні
1	2	3	4	5	6	7	8	9

таблицаның жалғасы:

Бұрынғы қызметкерлер жөніндегі мәліметтер		Орта- лықтың бел- гілері	ЖЗҚ бел- гі- лері	Орта- лық- тың және (не- месе) ЖЗҚ қо -		
--	--	-----------------------------------	----------------------------	--	--	--

Бұрынғы қызметкердің мекенжайы, тұрғылықты жері	СТН	Берешек сомасы (негізгі төлем)	Берешек сомасы (өсімақы)	Салық органының белгісі (СТН болуы, болмауы туралы)	ӘЖК	Шарт	сымша белгілері	Уәкілетті органың белгілері	Ескерту
							Жинақтаушы зейнетақы қоры туралы мәліметтер, міндетті зейнетақы төлемдерінің соңғы аударылған сомасының күні		
10	11	12	13	14	15	16	17	18	19

Ескерту:

1-13-бағандарды агент толтырады. Бұл ретте, 8-11-бағандарды олар туралы мәліметтер болмаса толтыру міндетті емес.

15-бағанды Орталық толтырады.

17-бағанда ӘЖК (15-баған) және шарт (16-баған) болған кезде, аудару үшін қажетті ЖЗҚ деректемелері көрсетіледі
 ӘЖК (15-баған) болған, бірақ шарт (16-баған) болмаған кезде соңғы күнге аударылған ЖЗҚ деректемелері көрсетіледі

16-бағанды Орталықтың тиісті белгілерінен кейін ЖЗҚ толтырады.

18-бағанда уәкілетті органдардың мәліметтері көрсетіледі:

ҚР Әділет министрілігінің

Тіркеу қызметі және құқықтық адамның азаматтық жағдайы туралы
көмек көрсету комитеті жазбаның N, күні, мазмұны (мысалға: қайтыс болуын тіркеу, қаза болды деп тану және т.б.)

ҚР Ішкі істер министрлігінің

Көші-қон полиция комитеті ҚР тыс жерге кеткенін растайтын құжаттың N және күні (азаматтардың сақталуы немесе сақталмауы)

**Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Соты жанындағы
Соттардың қызметін
қамтамасыз ету
(Қазақстан
Жоғарғы Сотының аппараты)**

ҚР заңнамасында белгіленген
тәртіппен адамды хабарсыз кеткен деп
тану туралы сот шығарған шешімнің
департаменті күні
Республикасы

19-бағанда уәкілетті органдар 18-бағандағы мәліметтер болмаған кезде, өзінің құзыреті шегінде өзге мәліметтерді көрсетеді (мысалы: жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, оны берген мемлекеттік орган туралы мәліметтер, берілген күні; соңғы тұрған жерінің мекен-жайы; бас бостандығынан айыру үшін сотталған бұрынғы қызметкер туралы деректер; адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы деректер).

Басшы (орынбасары) _____
Бас бухгалтер _____

МО

Агенттер тұратын жері белгісіз
бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен
ұстап қалған және аудармаған міндетті
зейнетақы жарналарын аудару
қағидаларына 2-қосымша

Ескерту. Қағида 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Агенттің 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен ұстап қалған және аударылмаған міндетті зейнетақы жарналарын бойынша берешекті аудару туралы мәліметтер

Р/с №	Агент БСН	Агенттің атауы	Бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтер							
			Тегі	Аты	Әкесінің аты	Туған күні	Туған жері	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, оны берген мемлекеттік орган туралы мәліметтер, берілген күні	Бұрынғы қызметкердің мекенжайы, тұрғылықты жері	СТІ
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11

Агенттер тұратын жері белгісіз
бұрынғы қызметкерлердің кірістерінен

ұстап қалған және аудармаған міндетті
зейнетақы жарналарын аудару
қағидаларына 3-қосымша

Ескерту. Қағида 3-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 30.05.2013 № 551 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша әлеуметтік жеке кодының және (немесе) салық төлеушінің тіркеу нөмірінің және (немесе) жинақтаушы зейнетақы қорымен жасалған зейнетақы шартының болмауына байланысты тұратын жері белгісіз бұрынғы қызметкерлерінің міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешегінің және (немесе) өсімақының сомалары жөніндегі мәліметтер

Р/ с №	Агент БСН	Агенттің атауы	Бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтер					Бұрынғы қызметкерлер бойынша мәліметтер					
			Тегі	Аты	Әкесінің аты	Туған күні	Туған жері	Жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, оны берген мемлекеттік орган туралы мәліметтер, берілген күні	Бұрынғы қызметкердің мекенжайы, тұрғылықты жері	СТН	Берешек сомасы (негізгі төлем)	Берешек сомасы (өсімақы)	Береш- жиынт сомасы
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	12	13	14

Е с к е р т п е :

1-14-бағандарды агент толтырады. Бұл ретте, 8-11-бағандарды, олар бойынша мәліметтер болмаған жағдайда толтыруға міндетті емес.

16-бағанды Орталық толтырады.

18-бағанда, ӘЖК (16-баған) және шарт (17-баған) болған кезде ЖЗҚ-ның аудару үшін қажетті деректемелері көрсетіледі; ӘЖК (16-баған) болған кезде, бірақ шарт (17-баған) болмаған кезде соңғы күнге аударымдар жүргізілген ЖЗҚ деректемелері көрсетіледі.

17-бағанды Орталықтың тиісті белгілерінен кейін ЖЗҚ толтырады.

19-бағанда уәкілетті органдардың мәліметтері көрсетіледі.

ҚР Әділет министрлігі Тіркеу қызметі және құқықтық көмек көрсету комитеті

, адамның азаматтық халы туралы жазбаның нөмірі, күні және мазмұны (мысалы: қайтыс болғанын, сот қайтыс болды деп танығанын тіркеу);

ҚР Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы комитеті, ҚР тыс жерлерге (азаматтығын сақтап немесе сақтамай) шығуын растайтын құжаттың нөмірі және күні ;

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты жанындағы Соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының аппараты) соттың адамды ҚР заңнамасында белгіленген тәртіппен хабарсыз кетті деп танығаны туралы шешім шығарған күні.

20-бағанда уәкілетті органдар 19-бағандағы деректер болмаған кезде, өз құзыреті шегінде өзге құжаттарды (мысалы: жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі, оны берген мемлекеттік орган туралы мәліметтер, берген күні; соңғы тұрған мекенжайы; бұрынғы қызметкер туралы деректер – бас бостандығынан айыру; адамды әрекетке қабілетсіз деп тану туралы деректер).